

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қарашадағы N 1776 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 желтоқсан N 1729. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.14. N 14 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қарашадағы N 1776 Р991776_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 52, 509-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацында "Астана және Алматы қалаларында" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларында және аудандарда" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 0 - т а р м а қ т а :

3) тармақшада "ұйымдастыру және жүргізу" деген сөздер "жүргізуді ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшада "аймақтандыруды" деген сөз "аймақтандыру жөніндегі жұмыстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшада "асыру" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "болып табылады." деген сөздер алынып тасталсын және мынадай мазмұндағы 8) тармақша мен толықтырылсын:

"жерге орналастыру жүргізуді ұйымдастыру.";

1 1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) жер заңнамасын бұзушылықты жою жөнінде орындалуы міндетті н ұ с қ а у б е р е д і ;

2-2) жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қ а р а й д ы ; "

13) тармақшада "кұнын" деген сөздің алдынан "бағалау" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

18) тармақшада "дайындайды және" деген сөз алынып тасталсын; көрсетілген қаулыға қосымшада:

1 - 1 4 - т а р м а қ т а р д а :

"облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті" деген сөздер " облыстық және аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі